Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№5 (1756)
25 ақпан
2020 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Қазақ радиолары» арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.**



Шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов және «Қазақ радиолары» Бас директоры Ернұр Көшерханұлы Бурахан, «Қазақ радиолары» продюсері Мұхамедияр Рашай, «Qazaq radiosy» Алматы студиясының жетекшісі Бақыт Жағыпарұлы Құтпанбев, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек, ҚазҰУ ТРК директоры Д.М. Мұхамеджанов, кафедра меңгерушілері Г.С.Сұлтанбаева, А.Ә. Рамазанова, Н.Т.Шыңғысова, «Әл-Фараби» радиосының жетекшісі К. Қабылғазина қатысты.

«Qazaq radiosy» 100 жылдығы қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы студиясында кафедраның өндірістік базасы мен журналистика факультетінде «Qazaq radiosy» орталығы ашылуы, сондай-ақ студенттік «Сана» орталығының жұмысын жандандыру сияқты іргелі бастамалар талқыланды. Соңғы жылдары факультет студенттері «Әл-Фараби» радиосында «Qazaq radiosy», «Shakgar» радиолары эфирінде студенттік «Ұшқын», «Жастар үні» бағдарламаларын дайындап келді.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы радионың жастарды тәрбиелеудегі этика құралы ретінде, ұлттық сана қалыптастырудағы орнын ерекше атады. Оқу процесіне «Бұқара алдында сөйлеу өнері», «Сөйлеу мәнері» пәндерін әлеуметтік, гуманитарлық бағытта оқу жоспарларына енгізу, кеңінен оқыту туралы ұсыныстар аталды.

«Әл-Фараби» студенттік радиосының мазмұнын жаңарту жолдары сарапталды. «Qazaq radiosy», «Shakgar» радиолары форматын жаңаша ұйымдастыруды қолға алған радио басшысы Ернұр Көшерханұлы «Алтын қордағы» аудиоматериалдарды оқу барысында пайдалану жайлы ойларын айтты. Факультет ғалымдары радиожурналистиканың ғылыми негіздерін зерттеу жобаларына тартылып, радио мамандарына арнайы біліктілікті арттыру курс ұйымдастырылады.

**Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов Үндістанда халықаралық сыйлыққа ие болды. Бұл туралы Нойда қаласындағы Амити университетінде өткен «Өзгеріске шақыру: технологиялық қоғамдардағы бизнесті басқару стратегиясы» INBUSH ERA-2020 Бүкіләлемдік саммитінде айтылды.**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОЙЫНДАУ




100-ден астам ел өкілдерінің басын қосқан саммитте нәтижелер шығарылып, түрлі номинациялар бойынша халықаралық сыйлықтардың иегерлері анықталды. Қазақстандық ғалым және елдегі жетекші университеттің басшысы «Amity Global Academic Excellence Awards» марапатына ие болды.

«Академик Ғалым Мұтанов әйгілі ғалым, түрлі халықаралық жобалардың бастамашысы және жетекшісі, жоғары мектептің танылған кәсіпқой маманы. Бұл марапат әлемдік ғылыми және білім беру кеңістігінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алға жылжуына ықпал ететін оның ғылыми еңбегі мен көшбасшылық қасиеттерінің жоғары бағалануы», - деді саммитте сөйлеген Амити университеттері желісінің вице-канцлері Гуриндер Сингх.

Марапат ғаламдық деңгейдегі ғылым, менеджмент және кәсіпкерлік саласындағы көшбасшыларға, жаңашылдарға және көрнекті ғалымдарға беріледі.

**Өз тілшімізден**

## В ИНДИИ ДАН СТАРТ МЕРОПРИЯТИЯМ, ПОСВЯЩЕННЫМ 1150-ЛЕТИЮ АЛЬ-ФАРАБИ

**В Индии дан старт мероприятиям, посвященным 1150-летию Аль-Фараби. КазНУ им. аль-Фараби при поддержке Посольства Республики Казахстан в Индии и Университета им. Джавахарлала Неру провел в г.Нью-Дели круглый стол, посвященный 1150-летнему юбилею Абу Насра аль-Фараби.**

В мероприятии приняли участие Посол РК в Индии Е.Алимбаев, ученые КазНУ и университетов Дели, представители дипломатических миссий и научной общественности стран Центральной Азии.

**Продолжение на 2 стр.**

ӘЛ-ФАРАБИ – АБАЙ: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ 2-бет



ӘЗІРБАЙЖАН ЕЛШІСІНІҢ САҒАТЫ ӨТТІ 3-бет



ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ 4-бет



# В ИНДИИ ДАН СТАРТ МЕРОПРИЯТИЯМ, ПОСВЯЩЕННЫМ 1150-ЛЕТИЮ АЛЬ-ФАРАБИ




**Продолжение. Начало на 1 стр.**

Открывая встречу, Посол Казахстана в Индии Ерлан Алимбаев подчеркнул, что юбилей Аль-Фараби включен в календарь памятных дат и событий ЮНЕСКО, и его празднование придаст мощный импульс изучению и осмыслению всемирного наследия «второго учителя» человечества. Сегодня имя мыслителя Великой степи живо интересует ученых разных стран, в том числе и Индии. Проведение такого рода мероприятий на высоком международном уровне способствует популяризации творческого наследия Аль-Фараби и казахской истории.

«Совсем недавно КазНУ открыл в Дели дом-музей Аль-Фараби, который стал знаковым местом притяжения ученых и общественности. Следует отметить, что юбилей Аль-Фараби отмечается в мировом масштабе, и КазНУ проводит мероприятия на разных площадках при поддержке ОИС, ИСЕСКО, ТЮРКСОЙ и других международных организаций», - отметил проректор КазНУ Мехмет Арслан.

В ходе круглого стола делегация КазНУ выступила с научными докладами и презентациями о жизни и трудах Аль-Фараби, значимости его наследия в современное время. Также была представлена разработанная на основе идей мыслителя модель университета нового поколения «Университет 4.0», включающая духовно-нравственную и научно-технологическую платформы.

Выступавшие на мероприятии представители академических кругов, руководители научных центров и институтов Индии также отметили значимость наследия Абу Насра аль-Фараби и подчеркнули важность подобных событий для сближения культур двух дружественных стран.

Во время визита в Индию делегация ведущего казахстанского вуза приняла участие в работе всемирного саммита «INBUSH ERA-2020», который состоялся в Университете Амити (г.Нойда) и собравшего представителей из более 100 стран. В рамках саммита был подписан меморандум о сотрудничестве и достигнута договоренность о создании центра Аль-Фараби в университете Амити и представительства этого индийского вуза в КазНУ.

**Соб. корр.**

## KAZNU.KZ

**QazUÝ-da qyrkúıek aıynda «Adamı mura jáne joǵary tehnologıalar úlesimi negizinde jetilý» taqyrybynda QS World Wide halyqaralyq forýmy ótti.**

Atalǵan forým ǵylym men joǵary bilim berý salasyndaǵy ozyq tájirıbelermen almasý jáne taratý boıynsha álemdegi biregeı jáne iri platforma bolyp tabylady. Osy Forým aıasynda Malaızıanyń PETRONAS tehnologıa ýnıversıtetiniń (UTP) profesory Hanıta Daýd bastaǵan ǵalymdary mehanıka-matematıka fakúltetinde bolyp, mehanıka, matematıka jáne aqparattyq tehnologıalar salalary boıynsha aqparatpen almasyp, taraptar ózara yntymaqtastyq týraly ýaǵdalasty.

***

**Taıaý Shyǵys jáne Ońtústik Azıa kafedrasy ırantaný bóliminiń 4 kýrs stýdentteri Ismaılov Ádil jáne Paıshambıev Rýmı Iranda akademıalyq utqyrlyq baǵdarlamasy aıasynda bilim alýda.**

Stýdentter ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Irannyń bedeldi joǵary oqý oryndarynyń biri sanalatyn Shahıd Beheshtı ýnıversıtetimen jasalǵan áriptestik qatynastar jónindegi kelisim-shart negizinde Tegeranǵa barýǵa múmkindik aldy. Shahıd Beheshtı ýnıversıteti Irannyń ınjenerıa men fızıka salasyndaǵy memlekettik oqý jáne ǵylymı-zertteý ortalyǵy bolyp tabylady. Atalǵan oqý orny Irannyń asa bedeli tehnıkalyq joǵary oqý oryndarynyń biri sanalady. 1959 jyly amerıkandyq jekemenshik ýnıversıtetter úlgisimen ashylǵan. Qazirgi tańda bul ýnıversıtette 119 bakalavrıat baǵdarlamasy, 632 magıstratýra, 257 PhD baǵdarlamasy boıynsha 17500 stýdent bilim alýda, onyń ishinde bakalavrıat 7507, magıstratýra 9560, doktorantýra 900 stýdentten turady.

***

**Na fakúltete jýrnalısıkı sostoıalsá Den kafedry pechatnyh ı elektronnyh SMI, posváshennyı gýmanısıcheskım ıdeıam velıkogo myslıtelá Abý Nastra al-Farabı.**

Vo vremá meroprıatıa stýdenty provelı fleshmob na temý fılosofskıh aforızmov Al-Farabı, posváshennyh obrazovanıý, obýchenıý ı vospıtanıý. Molodoe pokolenıe prekrasno reagırýet na na fılantropıcheskıe ıdeı Al-Farabı «Obshestvo mıloserdıa».

Stýdenty poznakomılıs s sennymı ızdanıa trýdov Al-Farabı. Za krýglym stolom, v teploı drýjeskoı atmosfere stýdenty chıtalı stıhı kazahskıh ı persıdskıh poetov, obsýjdalı prochıtannoe, vyskazyvalı mnenıa o traktatah al-Farabı po naýke, obrazovanıý, etıke ı vospıtanıý.

***

Qazaqstan Respýblıkasy Qorǵanys mınıstriniń áskerge shaqyrý jasyna deıingi jáne áskerge shaqyrý jastarymen áskerı-patrıottyq jumysty kúsheıtý jáne orta mektepterde bastapqy áskerı-tehnologıalyq daıarlyqty oqytý sapasyn jaqsartý týraly talaptaryna sáıkes, QazUÝ-dyń áskerı kafedrasynda Almaty qalasy Bostandyq aýdany mektepteriniń tárbıe isi jónindegi dırektorlarynyń orynbasarlarymen jáne alǵashqy áskerı-tehnologıalyq daıyndyq basshylarymen semınar-keńes ótkizildi.

## РЕКТОРАТ

**На очередном ректорате были представлены результаты аккредитационной деятельности КазНУ им. аль-Фараби за 2018-2019 учебный год.**

# РЕЗУЛЬТАТЫ АККРЕДИТАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

По информации проректора по учебной работе Аскара Хикметова, с начала 2018-2019 учебного года была проведена работа по подготовке к институциональной аккредитации совместно с Независимым агентством по аккредитации и экспертизе качества образования ARQA.

Следует отметить, что стандарты и критерии институциональной аккредитации предназначены для внутреннего обеспечения качества образования высших учебных заведений. Они были разработаны в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании», Европейской сетью по аккредитации в области инженерного образования (ENAEE), требованиями Болонского процесса, международной практикой по институциональной аккредитации и аудиту высшего образования.

В результате проведенной полной аккредитации в КазНУ, в начале 2019 года 238 образовательных программ (ОП) успешно прошли международную специализированную аккредитацию, что составляло 92% от общего количества ОП университета.

На данный момент КазНУ может вести набор абитуриентов и подготовку обучающихся по 113 специальностям бакалавриата, 250 специальностям магистратуры, 112 специальностям докторантуры. Также 62 образовательные программы были поданы на аккредитацию в агентства ARQA (12 ОП) и KazSEE (50 ОП).

В этом году 76 образовательных программ пройдут повторную специализированную аккредитацию, также планируется провести первичную аккредитацию по новым программам.

**Соб. кор.**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Абайдың 175 жылдығына арналған «Әл-Фараби – Абай: рухани сабақтастық мәселесі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел өтті.**

# ӘЛ-ФАРАБИ – АБАЙ: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ



Іс-шараға фарабитанушы-ғалымдар, абайтанушылар, ғылыми қызметкерлер, докторанттар мен магистранттар, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді ашқан Әл-Фараби орталығының директоры Бекжан Мейрбаев шараның негізгі мақсаты қазақ даласының екі ғұлама перзенті, Әл-Фараби мұрасы мен Абай Құнанбаевтың шығармашылығы арасындағы сабақтастықты кеңейту екенін атап өтті.

«Баға жетпес бұл мұраны жас ұрпақ білуге және зерделеуге тиіс, сондықтан мерейтойлық жыл аясында маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Әл-Фараби энциклопедиясы жарыққа шығарылып, ұлы ойшыл және халық ақыны туралы деректі және көркем фильмдер түсіріледі», – деді орталық директоры.

Дөңгелек үстел барысында әл-Фараби еңбектері мен Абай шығармашылығын зерттеудің ғылыми, әдістемелік және практикалық мәселелері, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі фарабитану және абайтанудың мәселелері талқыланды.

«Бүгінде Абай Құнанбайұлының бізге жеткен екі фотосуреті бар. Бірі 1896 жылы, екіншісі 1903 жылы түскен фотосурет. 1903 жылғы фотосуреттің түпнұсқасы Алматыдағы Мұхтар Әуезов үйінде сақталған. Ал негізгі көшірмені Мұхтар Әуезов арнайы біздің музейге тапсырған. Ол Абайдың үйінде табылған отбасымен түсірілген фотосурет», – деді Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемориалдық қорық музейінің ғылыми хатшысы Раушан Елекенова.

Сондай-ақ, шараға жиналған қатысушылар әл-Фараби музейінің экспозициясын аралап, кітапхананың сирек қорына енгізілген ғалымның раритетті құнды еңбектерімен танысты. Сонымен қатар, олар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының (Семей қ.) кітаптар мен қолжазбалар көрмесіне барды.

**Өз тілшімізден**

**Ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Галым Мутанов удостоен международной премии в Индии**

# ӘЗІРБАЙЖАН ЕЛШІСІНІҢ САҒАТЫ ӨТТІ

**Шығыстану факультеті, Түрксой кафедрасы жанындағы «Әзірбайжан тарих және мәдениет орталығында» «Елші сағаты» өтті. Әзірбайжан Елші сағатының мақсаты: Қазақстан-Әзербайжан мемлекеттері арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, түркі тілдес елдердің ортақ мәдениетін дәріптеу, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Баку университеттері арасындағы білім және мәдени байланысты дамыту.**



Шығыстану факультетіне ҚР Әзірбайжан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Рашад Маммадов Эйнаддиноглу «Әзірбайжан тарих және мәдениет орталығына» Елші сағатын өткізу үшін екінші рет келуі болатын. Елші сағаты «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында өтті. Факультет деканы, PhD доктор Ықтияр Палтөре елші сағатының мақсатымен таныстырды, келген қонақтар мен қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Елші Рашад Маммадов Әзірбайжан елі мен Қазақстан арасындағы достық, мәдени диалог, әзірбайжан тіліндегі оқулықтар мен көркем туынды кітаптармен қамтамасыз ету, бірлескен ғылыми конференция ұйымдастыру, студенттердің ғылыми ізденістерімен айналысуы туралы көптеген ойларымен бөлісті. «Әзірбайжан – от елі, Қазақстан, әлемнің барлық халықтары сияқты бейбіт өмір сүретін ел! Біздің түпкі тамырымыз бір. Сол тамыр суалмасын, діңгегіміз мықты болу үшін бәріміз де үлкен еңбектенуміз қажет. Барлығыңызға денсаулық, береке, бейбітшілік, ынтымақ пен бірлік тілеймін! деп сөзін аяқтады елші.

Студенттер елшіге көптеген сауалдар қойып, елшімен білім, академиялық алмасу туралы пікір алмасты. Әзірбайжан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Рашад Маммадов жиналған ұстаздар қауымы мен студенттерге үлкен ризашылығын білдірді. Елші сағатына арналған іс-шарада 3 курс студенті Тамина Нұриева «Түбі бір туыс Әзірбайжан елі» атты дипломатиялық презентация ұсынды, 4 курс студенттері Сабина Каналиева мен Дилназ Төлегеновалар әзірбайжан тілінде патриоттық өлеңдер оқыды. Сондай-ақ «Ерекше тасқын» атты видеофильм көрсетілді.

Шығыстану факультетінің деканы, PhD доктор Ықтияр Палтөре Елші Рашад Маммадовқа факультет атынан «Алғыс хат» табыстады. Қонақтар мен ұстаздар, студенттер естелікке фотоға түсті.

**Г. КОРТАБАЕВА,**
**Г. ТЕМЕНОВА,**
*Түрксой кафедрасы*

# ОТ ДОБРОДЕТЕЛЬНОГО ГОРОДА К ДОБРОДЕТЕЛЬНОМУ ОБЩЕСТВУ




**В рамках празднования 1150-летия аль-Фараби на республиканском и международном уровнях запланирована обширная культурная, научная, просветительская программа. В мероприятиях, посвященных 1150-летию аль-Фараби, предполагается участие всех казахстанских вузов.**

Абу Наср аль-Фараби является одним из духовно-интеллектуальных феноменов, ставшим благодаря усилиям казахстанских ученых культурным символом нашей страны. В настоящее время имя Аль-Фараби, равно как и его энциклопедическое наследие, приобрело в нашей стране статус национального достояния и символа богатой культурной традиции.

Особую актуальность изучение научного и философского наследия аль-Фараби приобретает в контексте качественного нового взгляда о месте и роли Казахстана и его истории в общецивилизационном процессе, представленного в концепте «Семь граней Великой степи». Сохранение и укрепление казахстанской национальной идентичности, основой которых являются народные традиции, обычаи, культура, язык, – это и есть возрождение, ренессанс современности. Речь не идет о воссоздании точных копий прошлого, задача заключается в модернизации их в новый тип, чтобы молодое поколение осознавало свою самобытность, свои генетические корни. Аль-Фараби назван в числе выдающихся деятелей Великой степи, способствующих эффективному продвижению Казахстана на международной арене.

Как, известно, КазНУ им. аль-Фараби, как ведущий казахстанский вуз, носящий имя Великого тюркского мыслителя, выступает одним из координаторов и инициаторов культурных, образовательных и научных мероприятий не только юбилейного года аль-Фараби, но и многих инновационных проектов в казахстанском образовании. В настоящее время накоплен многолетний опыт их реализации как на международном, так и на республиканском уровне.

В своем «Трактате о взглядах жителей добродетельного города» он создал модель города добродетельных граждан. Аль-Мадина аль-фадила – это совершенное общество, основанное на добродетелях, в котором на первом месте стоят образование и воспитание подрастающего поколения в духе таких добродетелей, как благоразумие, мужество, умеренность, справедливость, и каждый житель стремится к достижению всеобщего блага – счастья. Такая гуманистическая концепция добродетельного общества аль-Фараби еще раз подчеркивает особую современную актуальность его наследия.

Разнообразные проекты и начинания Университета объединяет идея формирования духовности, добродетельности, гражданственности.

Разработана и реализуется новая модель развития вуза – Университет 4.0. Университет 4.0 как университет нового поколения представляет собой новый инновационный тренд в деятельности университетов и выдвигает во главу своей деятельности миссию формирования не только квалифицированных специалистов, но и граждан мира с высокими нравственно-этическими и гражданскими установками.

На основе учения Аль-Фараби разработан проект «Al-Farabi University smart city», представляющий собой симбиоз инновационно-технологической и духовно-нравственной платформ.

Являясь глобальным хабом ООН по устойчивому развитию, КазНУ реализует международный проект «Зеленый мост через поколения».

При поддержке Альянса цивилизаций ООН разработан и реализуется еще один международный гуманитарный проект - «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов». Цель данного проекта созвучна с миссией программ ООН Global Citizenship EDUCATION, Academic Impact и другими, которые подразумевают подготовку и обучение молодого человека как члена глобального общества и гражданина мира.

КазНУ им. аль-Фараби является членом University Social Responsibility Network (USRN) и принимает активное участие в работе всемирной Сети университетов социальной ответственности.

В инновационных социальных проектах – «Айналаңды нұрландыр!», «КазНУ- Green campus», «Культ здорового тела», «100 книг» – рождаются новые формы гражданской ответственности. Целый ряд проектов приобрел республиканский и международный масштаб.

Студентами КазНУ им. аль-Фараби запущен челлендж «Қайырымды қоғам». Для участия в челлендже необходимо посвятить в социальных сетях материал о своем добром поступке или о людях, совершающих дела достойного примера посредством размещения видео, фото или рассказа с хэштегом #AlFarabiQQ или #AlFarabi1150.

Инициатива направлена на объединение духовного потенциала казахстанской молодежи и аккумулирование наилучших практик в контексте реализации идеи формирования общества добродетельных, образованных, добропорядочных граждан на всех социальных уровнях – от маленькой организации, дома или поселка до масштабов страны.







**Н. АЛЬДЖАНОВА,**
*доктор PhD, зам. зав. кафедрой религиоведения и культурологии по научно-инновационной работе и международным связям;*
**С. ЛИФАНОВ,**
*студент специальности «Религиоведение»*

**21 ақпанда Колумбия университетінің ТДО директоры, профессор Янис Бенджамин Амордың қатысуымен MDP Global Classroom Ашық есік күні өтті**

# ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ

**Ұлттық руханиятымыздың бастау бұлағы ежелден негізделіп, өзінің кейбір тарихи шектеулеріне қарамастан, ұлтымыздың жарасымды дамуына, философиялық ой-санасының өсуіне гуманистік рух, рухани мол азық берді. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ежелгі философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы өзінің көл-көсір молдылығымен де, тарихи деректілігімен де, дүниетанымдық әрекеттілігімен де халқымыздың рухани болмысында айрықша орын алады.**



«Әрбір халық өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» деген атақты ғалым Л.Н. Гумилевтің сөзін ұмытпағанымыз жөн

Қазақ философиясының кайнар бұлағы ежелгі түркі жазбаларында, эпостық әңгімелерде сақталған. Қазақ аңыздары, батырлар жыры мен махаббат дастандарындағы негізгі философиялық өзек–күш көрсетпеу идеясы. Керісінше, елді, жерді, отбасын, табиғатты қорғау секілді қасиеттерге үндейді. Философияның басты сұрағы да осы адам мен табиғат арасындағы етене катынас, үйлесімділік. Біздің халық мұны жақсы түсінген.

Ұлттық руханиятымызды әл-Фараби ілімінен бөліп алып қарай алмаймыз. Әл-Фараби тек қазақ философиясында емес, әлемдік философияда, мәдениетте, өркениетте ізін қалдырған. Оның қолжазбаларының бәрі шетел кітапханалары мен мұражайларында сақтаулы. 1993 жылдан бастап қарашаңырақ–Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істеп келеді. Орталықтың негізгі мақсаты–ғұлама ғалымның философиясын, еңбектерін насихаттау, қалың оқырманға жеткізу. Әл-Фарабидің кіндік қаны қазақ топырағына тамды. Сол кеңістікте Қазақ елі мекен еткен түркі этносынан шыққандықтан, ол түркі жұртына ортақ тұлға. Ол кезде әлі қазақ, өзбек деген секілді бүгінгі ұлттар калыптаспағандықтан, әл-Фарабиді белгілі бір ұлтқа телуге қақымыз жоқ.

Алайда, бір анығы, ол Фараб қаласында, бүгінгі қазақ даласындағы Отырарда дүниеге келді, сонда білім алды. Соңынан білім қуып Бағдатқа кетіп, көптеген араб-мұсылман елдерін аралап, өзінің өшпес ізін қалдырды. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанды. Ол Дешті Қыпшақ даласындағы түркі жұртынан шығып, әлемді өз білімін, ғалымдығын, түркілік, оның ішінде қазақтың ойлау мәдениетінің қаншалықты биік деңгейде екенін мойындата білді. Осындай ірі тұлға арқылы біз елімізді, жерімізді әлемге танытуымыз керек. Себебі, әлем елдері оның өмір жолымен, еңбектерімен жақсы таныс. Әл-Фарабидің атын иемденіп отырған Қазақ ұлттық университеті сол мақсатта үлкен игілікті істер атқарып жатыр. Қазақ философиясы ауыз әдебиетіміздегі аңыздардан, жырлардан бастау алса, сонымен қатар, әл-Фарабидің еңбектерінен, шығармаларынан, философиялық ойларынан да сусындайтынын еске сала кету керек. Яғни, әл-Фарабиді қазақ философиясынан бөліп алып қарауға болмайды. Нақтырақ айтсақ, әл-Фараби қазақ философиясының бастау бұлағы.

Ислам дінін сіңірген екі жұртшылық бар: бірі–араб, екіншісі–түркі жұртшылығы. Ислам мәдеииетін, ғылымын және басқа да құндылықтарын қалыптастыруда, дамытуда екеуінің қайсысы басым болады деген сұрақ туады.

Көптеген әдебиетте араб-мұсылман философиясы немесе мәдениеті делініп келгені мәлім. Себебі, ол заманда араб тілі үстем болғандықтан, араб ғалымдарынан бөлек, түркіден шыққан ғалымдар да еңбектерін сол тілде жазды. Осыдан кейін олар араб-мұсылман ғалымдары, ойшыл философтары деп аталды. XIX ғасырдан бастап еуропалық шығыста ғалымдар «ислам философиясы» деген терминді шығарды. Жалпы бұл жерде екеуінің де мағынасы бірдей. Арабтан шыққаны да, түркіден шыққаны да мұсылмандықты ұстанғандығы ислам құндылықтарын қалыптастыруға үлес қосты. Мысалы, әл-Фараби түркі этносынан, ибн-Сина тәжік, әл-Кинди араб деген секілді түрлі этнос өкілдері болды. Тіпті, араб тілінде жазған ғалымдары да жоқ емес. Сөйтіп тұлғалар, жалпы, еуропалық өркениеттің қалыптасуына бірден-бір түрткі бола білді. Себебі Х ғасырда Еуропада католик-христиан діні күшіне мініп тұрған шақта, олар дін мен философияны ажыратып жіберді. Салдарынан Еуропа 4-5 ғасыр ұйқыға кетті, рухани дағдарысқа ұшырады. Осы тұста ислам ғалымдары өздерінің діни сауаттылығын ашады және антикалық философияны оқып, меңгереді. Соның негізінде ренессанс ұғымын туғызады. Мұны Еуропаның шығыстанушы ғалымдары еңбектерінде мойындап жазды. Осы исламдық ренессанс, ислам ғалымдары Еуропада жаратылыстану ғылымдарының дамуына әсер етеді. Орта ғасырда араб-мұсылман елдерінде медицина ғылымы өте катты дамыды. Бір ғана мысал, хирургиялық ота жасау кезінде қолданылатын анестезиологияны ойлап тапты. Ибн-Сина өз еңбегінде екі мыңға жуық ауру түрінен жазылудың жолдарын жазып қалдырған. Осы бір-екі мысалдың өзі көп сауалға жауап.

> «Әл-Фараби көптеген сындарлы шығармалар туғызды. Фараби мұрасы ұшан-теңіз және сан алуан. Ол сол тұстағы бүкіл білім салаларын, этиканы, саясатты, психологияны, жаратылыстануды, музыканы оқып зерттеді!...
>
> Әл-Фараби тамаша математик болып, сол тұстағы теориялық медицинаның бүкіл қырларын жетік меңгерді. Ол музыка теориясы жөнінен көп еңбектер жазды. Композитор ретінде кеңінен мәшһүр болды, жаңа музыкалық аспап шығарды».
>
> **Е.Э. БЕРТЕЛЬС,**
> **көрнекті Шығыс зерттеушісі**

Қазір қазақ философиясы ғылым ретінде қалыптасты ма?- деп айтар болсақ, әрине, қазақ философиясы ғылым ретінде қалыптасты, мойындалды. Алғашқы кезде қазақ философиясының барына күмән келтіріп, кереғар пікір айтушылар да болды. Мәселен, ешкім таза философияны жазған жоқ. Философия ол өмір. Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы, сондай-ақ, әлемдік философияның да бір бөлігі. Бұл жерде қазақ философиясының ғылым ретінде қалыптасуында Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұраларының ықпалын айтып өтекеніміз абзал. Әл-Фараби философиясында анық көрсетілгендей, қазақ философиясы әрқашан «нақты адам қоғамына», бақытқа, теңдікке жету жолдарын қарастыруға бет бұрған. Қазақ философиясы ақындарымыздың, жазушыларымыздың, ойшылдарымыздың еңбектерінен құралған. Мәселен, Абай айтқандай, «Адам бол» идеясы – ежелгі фольклордан бастап, осы заманғы қазақ философиясына тән ортақ және ұдайы дамып келе жатқан терең философиялық ой. Абай әл-Фараби бастаған ойшылдар көшінің заңды жалғасы, ұлылар сабақтастықтың алтын арқауын келер ұрпаққа аманат еткен кемеңгер. Ұлы ойшылдардың арасында үндестіктің болмауы мүмкін емес. Әл-Фараби мен Абайдың әлеуметтік-этикалық идеялары бір жерге келіп тоғысады. Абай өз шығармаларындағы әманда жүрек кілтін шешуі орынға қоятыны белгілі. Оның қарасөздері (17-ші сөз), өлеңдері жоғарыда айтқан сөзімізге бірден бір дәлел. Әл-Фараби және Абай пікірлерінің рухани сабақтастығы өз алдына бір зерттеуге жүк болар дүние. Осы орайда әл-Фараби мен Абай танымдарындағы үндестік адамның «өзін танымақтық» немесе «жан қуаты» туралы ілімді атаймыз. Абай бұл қазынаға терең бойлаған данышпан. Сондай-ақ әл-Фараби қолданған «жан қуаты» тәрізді философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен 7, 17, 27, 38, 43-ші қара сөздерінде қазақы ұғымға сай балама сөздермен берілуі кездейсоқ құбылыс емес. Әл-Фараби мен Абайдың ғылымды жіктеу принциптері жайындағы сабақтастық мәселесі ғылыми тұрғыдан зерттеуге сұранып тұрған күрделі тақырыптардың бірі. Ақжан Машани осы рухани байланысты «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде жан-жақты зерделеген. Екі ойшылдың да нәр алған бастау-бұлақтары дәстүрлі түрік һәм ислам руханияты. Олар осы екі қайнардың да қуатын, парасатын паш ете алды. Мұны айрықша атап өткеніміз жөн.

Қазақтың бірінші кәсіби философы деп Шәкәрімді айтуға болады. Ол философияны тұңғыш рет қазақ тілінде философиялық ұғымдар, категориялар арқылы жазды. Соның негізінде оның бар-жоғы 30 беттен тұратын «Үш анық» атты философиялық трактаты дүниеге келді. Шәкәрім ол еңбегін 28 жыл бойы жазған. Сол көлемі шағын ғана еңбекке ол үлкен философиялық ойларды сыйғыза білді, яғни қазақ философиясының кәсіби ғылым ретінде қалыптасуының бастауы еді. Бұл ұрпақтар сабақтастығының рухани жалғастығы деп білеміз.

Биылғы жылы әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығын қатар атап өтуіміздің мән-мағынасы зор. Атқарылмақ іс-шаралардың да мазмұндық астарына ден қоюға Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың да шақырып отырғаны бекерден бекер емес. Ұлы ойшылдардың даналық ілімінен алар тағлым-тәліміміз көп. Телегей-теңіз мұрадан келер ұрпақтардың да өз іздегендерін табатыны анық.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**
*философия кафедрасының профессоры, филос. ғ.д., Фарабитанушы*

**КазНУ имени аль-Фараби и «Казахское радио» подписали меморандум о сотрудничестве**

175 ЖЫЛ
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

# АБАЙ – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУШЫ

**Абай Құнанбаев - ұлы ақын, композитор, ойшыл, ағартушы және қоғам қайраткері. Оның шығармалары қазақ және әлем әдебиетінің классикасына айналды. Сондықтан бүгін Абай Құнанбаевтың өмірбаянымен толық танысуға, оның өмірі, шығармашылығы мен қиын жолы туралы білуге болады.**

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы таңырқа» деп қазақтың жарық жұлдызы Сұлтанмахмұт Торайғыров айтып кеткендей, сөздің маржанын тізбектеген ұлы Абай туралы толығымен жазылған таңдамалы еңбектер жинағы біздің қорымызды толықтырып келеді.

Ақынның өлімінен кейін тек бес жыл өткен соң, 1909 жылы Петербургте оның өлеңдер жинағы жарық көрген. Ал әдебиеттің ерекше жанрын білдіретін прозалық шығармалар – «Гаклия» (Қара сөздер) немесе «Қара сезім» (прозадағы сөздер), тек кеңес заманында жарияланды. Дегенмен, Абайдың поэтикалық және прозалық шығармалары ақынның отанында қолжазба түрінде кең таралды. Өлеңдері жазылып, оқылып, ауыздан ауызға берілді, ал прозалық шығармалар қолжазба тізімдерінде таралып немесе жасанды түсіндіруші-әңгімешілермен орындалды.

Мұхтар Әуезов Абайдың Қара сөздерін кім үшін және қандай мақсатта жазғанын, ақынның өмірлік толғандырған мәселелері туралы философиялық ойлары бар қырық бес «сөз», сондай-ақ «тыңдаушыға оның көз алдында ауызша қарым-қатынас түрінде жіберілген» әңгіме-пайымдауларын жақсы түсінді. Ақын тыңдаушыларды көбінесе аға буын адамдарын санаған.

Абайдың дүниетанымы Шығыс ғалымдары мен ақындарының, сондай-ақ орыс классиктерінің арқасында қалыптасты. Ол Крылов, Лермонтов, Пушкин және т.б. сияқты атақты орыс жазушыларын аударды. Ақын орыс тілі мен мәдениетін білудің маңыздылығын атап өтті. Абай былай деп жазды: «Ақауды болдырмау және жақсылыққа жету үшін орыс тілі мен орыс мәдениетін білу қажет».

Абай шығармашылығы туған халқының өміріне арналды. Абай Құнанбаев қазақтардың арасында орыс және еуропалық мәдениеттің таралуына ықпал етті. Абай 170-ке жуық өлең шығарды және 56 аудармa жасады.

«Орыс тілін білу – көзді әлемге ашу»– дейді Абай жиырма бесінші сөзінде. «Бөтен тіл мен мәдениетті білу адамды осы халықпен тең құқылы етеді, ол өзін еркін сезінеді, егер бұл халықтың өзіне деген қамқорлығы мен күресі болса, онда ол ешқашан тыс қала алмайды».

Абай Құнанбаев заманында қазақ халқы кемелдікке ұмтылды. Абай жаңа деңгейге шығу туралы бірінші болып айтқан болатын. Ақын бізге бүгінгі күнге өзекті кеңестер қалдырды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өнер адамдарымен кездесулер Абайдың 175 жылдығы аясында халықаралық және республикалық деңгейде ауқымды шаралар ұйымдастырылуда. Әрине бұл шаралардың барлығы өнер мен білім саласында жүрген тұлғаларымыздың атсалысуымен өтуде. Бұл халқымыздың рухани өсуіне және алдымызда тұрған жаңа белестерге жол іздеуге өз септігін тигізуі хақ.

Абай– сіз бен біздің ар-намысымызға, өмірлік өлшемімізге, ұлттық парасат-пайымымызға айналған асқаралы Абызымыз.

**Мансия АСЕМБАЕВА,**
*жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті*

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

**Филология және әлем тілдері факультетінің Қазақ филологиясы мамандығы 301топ студенттерімен «Абай–дана, Абай –дара қазақта» кураторлық ашық сабағын осыған байланыстырып жоғары деңгейде өткізді.**



Абай атамыздың қара сөздері, толқындаған әндері, жазған шығармаларын сабақта талқылаудың өзі бір ғанибет әсер қалдырғандай болды.

Кураторлық ашық сабағымызда Ұлы қазақ ғұламасының жарқын өмірінен бірер мәліметтер бере кетуді мақсат етіп, сондай-ақ ұлы қазақ ақынының қазақтың ұлттық мемлекет болып құрылуына қатысты идеяларына қысқаша шолу жасадық.

Абай Құнанбаевтың еңбектері дәл біздер өмір сүріп отырған күндердің өзінде де өте актуальды әрі қоғам үшін қажет болып отыр. Оған қоса қазақ филологиясы мамандығына өте жақын болған соң кураторлық ашық сабағымызда «Қара сөздерін» айтып жарысып, өлеңдерін оқып, ең соңында «Көзімнің қарасы» әнін айтып сабағымыздың қалай тез өтіп кеткенін де байқамай қалыппыз. Бұл дегеніміз, әрбір қазақ баласының көкірегі ашық, саналы ұрпақтың қазақтың шығармаларын жоғары қою, оны құрметтеу, сыйлау дегенмен тең.

Абай Құнанбаевтың қандай шығармалары болмасын, оның тәрбиелік маңызы зор. Мысалы: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ емес. Одан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық. (Он сегізінші қара сөз). Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма. Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рақат көрсетер ме, өзі рақат көрер ме, яки жұртқа рақат көрсетер ме? (Жиырма бірінші қара сөз)» сынды қара сөздерінде қандай мағына жатқанын, болашақ ұрпаққа қалдырған үлкен өсиет деп білеміз.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой, – деп Абай Құнанбаевтың өлеңіндегі бес нәрсеге оның ішінде: талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақымшыл болуды және бес нәрседен алшақ болуды, яғни: өсектен, өтіріктен, мақтаншақтықтан, еріншектіктен және бекер мал шашудан алыс болғанымыз қазіргі ұрпаққа және келешек ұрпақ үшін маңыздылығын кураторлық ашық сабағымызда студенттерге түсіндіріп аяқтадым. Біз тек Абай Құнанбаевтың шығармаларын талқылап, қайта өмір баянымен танысып көп үлгі алдық, ал негізінде қазақтың қай қайсы ақыны да, жазушысы да баға жетпес үлкен мұрасымен студенттермен жұмыс істесек үлкен тәрбиелік із қалдыратынымыз белгілі. Сонымен, қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы — Абайдың мәңгі өшпес даңқының ең асқақ айғағы, міне, осында деп білемін.

**Анар АШИРОВА,**
*ф.ғ.к., қазақ тіл білімі кафедрасының доценті*

АРНАУ

# АБАЙ АТАМА...

Мадақпен арнау жазсам бұл ақынға,
Қалықтаған қара өлең қанатында...
Құлақтан кіріп бойды алған өлеңдері,
Абай атам мәңгілік дара тұлға...

Әр өлеңі ғаламның сырына бай,
Тағылым ала алмайсың бұдан қалай.
Қара сөзі мұра болып қала бермек,
Өтсе де қаншама жыл, ғасыр талай.

Ұлы ақынның тәрбиесін қолға алған,
Бар білгенін шәкіртіне жолдаған.
Білім нәрін санасына сіңіріп,
Сауат ашқан Ғабитқандай молдадан.

Парсы, араб, орыс тілін меңгерген,
Мұндай ақын қазағымда кемде-кем,
Орыс халқын барша әлемге танытқан,
Аты әйгілі Пушкиндермен тең көрем...

Лажсыздан екпіндетер қисық тартыс,
Шындықпен бүркенеді түйсік жарыс.
Құнанбайдың Абайы жырлап өткен,
Қазағымда болу керек ар мен намыс.

Тақырыптың барлығын қамтып Абай,
Жүректен шығарыпты өлең талай...
Қазақтың мақтанышы бұл ақынды,
"Ұлы" деп атамаймыз енді қалай...

Шырылдадың иман мен ардан құйып,
Ақылыңа бес күндік жалғанды үйіп.
Алты алашты қараттың ауызыңа,
Қашан да абыройы Ханнан биік.

Көбеймесе қуанышым азаймаған,
Қара өлеңі қуат берді талай маған.
Абай атам бар байлығы қазағымның,
Текті сөзі өткір болған талайлардан.

Ақын едім бала кезде жан ұққан,
Әрі қарай жыр шашамын сандықтан.
Мұхтар сынды қазағымның перзенті,
Бар ұлтыма Абай атын танытқан.

Күрсінгенде бойлап сезім ағысын,
Шын ақынның тоқтатпашы шабысын.
Көкейімде арман жатыр аңсаған,
Барлық әлем Абай атын танысын!!!

Білімге құмар болған бала жастан,
Өлең жыры тараған мыңнан астам.
Абай атам дүниеге келген кезде,
Сұр бұлтынан Шыңғыстаудың шыңы асқан.

Ұлылығы бар әлемге тараған,
Қасиетіне басын иген бар адам.
Абай атам мақтанышы қазақтың,
Бар ғұмырын өлең-жырға арнаған.

Өтер айлар, өтер жылдар ғасырлар,
Ұмытылмас өзің сынды асылдар.
Ойы ұшқыр сөз қадірін түсінер,
Ұрпақтарың бір өзіңе бас ұрар.

Текті жырым қанат қақсын тұраулап,
Жатсын ата әруағың бір аунап.
Рухыңменен бұл қызыңды жебей жүр,
Қара өлеңмен жаза берер жыр арнап.

**Айшуақ ТҰРСЫНӘЛІ,**
*әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы1-курс студенті*

**ҚазҰУ-дың әскери кафедрасының тыңдаушылары Дели қаласында Үндістан Республикасы күніне арналған іс-шараларға қатысты**

# ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 86 жылдық тарихы бар, еліміздегі көш бастап тұрған жоғары оқу орындарының бірі. Жас буынның арманына айналған, мақсатын айқындауға жол көрсететін мүмкіндіктер мекені. ҚазҰУ қалашығы ажарлы Алматымыз бен Алатаудың етегінде қанат жая орналасқан.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің көзтартар сәулеті, қаз-қатар орналасқан түрлі факультет ғимараттары мен жайлы жатақханалары, соңғы технологиялармен жабдықталған спорт алаңдары, бай кітап қоры бар кітапханасы, ғаламтормен байланыс үйі, студенттердің қауіпсіздігі мен игілігі үшін дамылсыз жұмыс атқаратын «Керемет» студенттер мекемесі, барлығы дерлік таңданысты туғызбай қоймайды.

Университет имиджін, білім сапасын жақсарту, бәсекеге түсу қабілеттілігін және тартымдылығын арттыруды басты мақсат етіп қойған география және табиғатты пайдалану факультеті білікті мамандарды дайындауда өз жетістіктерімен ерекшеленеді. Факультет география ғылымын жетік білетін мамандарды дайындайды: географтар, метеорологтар, гидрологтар, экология мамандары, туризм менеджерлерін және картографтар. Факультет түлектері геология, экономика, экология салалары бойынша, Қазгидромет жүйесінде, су шаруашылығы, жоғары және жалпы білім беретін орта мектептерде қызмет атқарады.

Осындай мамандықтардың бірі метеорология мамандығы. Метеорология мамандығы еліміздің ЖОО-ның ішінде тек қана ҚазҰУ білім беру ордасында география факультетінде оқытылады.

Кафедра өз қанатының астына алған әрбір студенттің сапалы білім алуын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, мәдени және шығармашылық дамуына атсалысуда. Өрендер студенттік жылдарда мәдениеттің құндылықтарына өте белсене араласады, қоғамдық-саяси қызметтерге дағдыланады, қарым-қатынастың шеңберлерін интенсивті түрде кеңейтеді. Кафедра оқытушылары жас буынды бірнеше бағытта шыңдай түсуде. Тәрбие жұмыстарының басты бағыттарының бірі студенттеріміздің патриоттыққа, азаматтыққа тәрбиелеу. Бұл қасиет әрбір студенттің бойында мәңгілікке қалыптасуы керек деп білеміз. Ең алғашқы факультетімізге қадам басқан сәттерінен бастап, олардың құқықтарын және мемлекет алдындағы, университетіміздің шеңбериндегі міндеттерді үйрете бастаймыз. Жатақханамызда да студенттеріміздің эстетикалық талғамын шыңдай түсетін түрлі іс-шаралар өткізіледі. Белсенді жастарымыз Студенттер сарайында ұйымдастырылатын мерекелік байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындармен марапатталып, мәртебемізді асыруда.

Осы жылы университетімізде атап өтілген ең үлкен мерекелік шара «Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы». Ұлы философ-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толу мерейтойының әлемде оның есімімен аталатын бірден-бір университеттен басталғандығы – біздер үшін зор қуаныш, үлкен мәртебе. Кафедрамызда атаулы шараға орай ашық кураторлық сағаттар, буклеттер, стендтер жасап шығарылды.

Метеорология және гидрология кафедрасында метеорологиялық оқу орталығы жұмыс істейді, оның құрамына: метерологиялық оқу станциясы, метеорологиялық өлшеу әдістерінің бөлмесі, аэрология және радиометеорология бөлмелері, метеорологиялық болжаудың оқу бюросы кіреді. Жыл сайын мектеп оқушыларына арналған ҚазҰУ станциясында экскурсия ұйымдастырылып, оларды ауа райын болжау жұмыстарымен таныстыру шаралары жүргізіледі. Адамға ауа райына деген қызығушылық әрдайым тән болған және жылдан жылға артуда. Метеорология ең ежелгі білім саласы болып табылады. Ауа райына, әсіресе қазіргі әлемде барлығы тәуелді. Адам баласы баяғы заманнан табиғат құбылыстарын болжауға тырысты, өйткені соның салдарынан келетін шығынды болдырмауға ұмтылды. Қазіргі кезде гидрометеорологиялық зерттеулер барлық жер шарында жүргізілуде және олардың нәтижелері кеңінен қолданыс табуда. Метеорология және гидрология кафедрасының түлектері қазіргі таңда метеорология мамандығы бойынша РМК «Қазгидромет» және оның әр қалада орналасқан орталықтарында, Қазақ метеорологиялық авиациялық орталығында (Қазавиамет), Қазақ климат және экология ғылыми-зерттеу институтында, География, Сейсмология, Космостық зерттеу институттарында, ҚазҰУ-дың және Қазавиамет т.б мекемелерде метеоролог жұмысын атқарып жатыр.

Метеорология және гидрология кафедрасыәрбірстуденттіңгуманитарлық тәрбиелеу ортасын дамыту арқылы, ерен еңбектерінің нәтижесі білім жан-жақты дамыған тұлға, Қазақстан патриоты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бәсекеге қабілетті түлегі болғанын қалайды.

**Метеорология және гидрология кафедрасы**



**В КазНУ им. аль-Фараби прошла международная конференция «Модернизация инженерно-технического образования в Центрально-Азиатском регионе в условиях цифровизации».**

# МОДЕРНИЗАЦИЯ ИНЖЕНЕРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Организаторами мероприятия выступили Казахстанская ассоциация инженерного образования (KazSEE) совместно с Европейской сетью по аккредитации в области инженерного образования (ENAEE), в ней приняли участие вузы Казахстана и стран Худжандского соглашения.

Ключевой доклад «Обзор международных систем аккредитации. Методы обеспечения качества инженерного образования» сделал вице-президент ENAEE Ж.Квадрадо. Большой интерес также вызвала презентация «Проблемы и перспективы реализации Худжандского соглашения на территории Центральной Азии» президента Центрально-Азиатской Федерации сообществ инженерного образования Д.К. Сулеева.

С опытом работы по независимой аккредитации выступили представители аккредитационных агентств Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана и Казахстана. Участники конференции обсудили проблемы и актуальные вопросы интеграции в области инженерного образования. Например, создание общей базы экспертов, синхронизацию стандартов с национальными законодательствами стран региона, право выдачи знака качества «EUR-ACE Label» и др.

По итогам встречи было принято решение, сохранив идеологию Худжандского соглашения, расширить рамки сотрудничества в Центральной Азии и привлечь для этого различные учреждения и бизнес-структуры, занимающиеся аккредитацией.

Одним из важных вопросов повестки конференции стало избрание президента Центрально-Азиатской Федерации сообществ инженерного образования. На эту должность сроком на 4 года был избран директор института сейсмологии академик Д.Сулеев (Казахстан), также участниками были приняты положение о секретариате и другие нормативные документы.

**Соб. корр.**

**Университетіміз ҚР Президентінің Архивімен бірлесіп, 50-ші халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы аясында «Түлектің заманауи моделі» атты дөңгелек үстел өткізді.**

# Түлектің заманауи моделі




«Түлектің заманауи моделі» атты дөңгелек үстелде ҚР Президенті Архиві директорының орынбасары, Қ. Әлімғазинов алғы сөзінде, ҚР Президенті Архивімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы орналасқан ынтымақтастың нәтижесін, біршама уақыттан бері атқарылып жатқан іс-шараларды атап өтті. Қазірдің өзінде, ҚазҰУ-дың түлектері Президент Архивінде қызметкерлер қатарын толықтырып отырғандығын және олардың осы ортаға тез бейімделіп, белсенді қызмет атқарып жатқандығын атап өтті. «Түлектің заманауи моделі» атаулы конференция аясында өткізілген дөңгелек үстелге, университет әкімшілігі тарапынан қатысқан, әдістемелік жұмыс қызметі бөлімінің жетекшісі Г. Жакупова оқу бағдарламасының бағыттырын жақсарту жағдайында жұмыс берушілерден, олар қандай талап қоятынын, қатысып отырған жұмыс берушілердің ұсынысы архив саласындағы өзгерістермен бүгінгі сұраныс, заманауи қажеттілікке сәйкестігін анықтап, сонымен қатар, оқу бағдарламаларын жетілдіру мәселесін көтерді.

Дөңгелек үстелге қатысушылардың белсенді пікірлескен мәселесі, оқу бағдарламаларын жетілдірудегі жаңа бағыттарды анықтау мәселесі өзекті болғандықтан қызу талқыланды. Дөңгелек үстелде жұмыс берушілермен бірге, архив саласында қызмет атқарып жүрген, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Архивтану, құжаттану және құжаттамамен қамту» мамандығының түлектері де пікірталасқа қатысып, өздерінің ойларымен бөлісті.

**Б. НҰРПЕЙІСОВА,**
*т.ғ.к., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушысы,*
**А. БҮРКІТОВА,** *магистрант*

***На факультете журналистики прошел День кафедры печатных и электронных СМИ***

# ОТЫРАР КЕМЕЛ ТҰҒЫРЫМ

*Кешір мені, туған жер! Сені артқа тастадым,*
*Кешір мені, туған ел! Жолды алыс бастадым.*
*Кешір ұлыс – ұрпағым. Бақ, байлық, даңқ таппадым,*
*Кешір, арым – ұжданым. Білім болды баққаным !*

*Әбу Насыр әл-Фараби ат-Түрки*

**Отырар қазақ жұртының ең үлкен мақтанышы! Тарихи шежіресі сонау XX ғасырдан асып жығылатыны да тарих тақтасында айшықталып тұр. Отырар орта ғасырлардағы өркениеті дамыған қала қатарларының алдыңғы шебінде болды. Яғни Отырар қаласын қай жағынан алып, қарастырсақ та ол еш кенде емес. Мысалы Отырардан шыққан ғұлама ғалымдар. Даңқты Фарабилер осыған нақ дәлел болмақ. Ендеше Отырар қаласының шежірелі тарихына тоқтала кетелік.**

Белгілі жазушы Дүкенбай Досжановтың «Отырар» еңбегінде Әбу Насыр Насыр әл-Фарабидің туып өскен жері Фараб (Арыс өзенінің Сырға барып құяр сағасында орналасқан) қаласы жайлы бірнеше тарихи деректемелерді баяндайды. Кешегі Кеңес Одағының отыз томдық үлкен энциклопедиясында: «Отырар орнын отырықшы оғыздар біздің дәуіріміздің дейінгі IV ғасырда иемденіп, кент, қорғандар сала бастаған»,– деп жазады. «Отырар шығыстағы ортағасырлық керуен жолын иемденіп қана қойған жоқ, көшпелі халықтың отырықшы кәсіпке ауысуының айқын куәсі, бұл жерді қазақ халқының ежелгі тегі мекен еткен. Отырар ойпатының қазіргі тарихшылар үшін алтын кәмбе болатыны да осыдан»,–деп жазады белгілі зерттеуші ғалым А.Бернштам. Ойшылдардың отаны Отырар жайлы осы еңбегімді бастар кезінде түрлі ғалымдардың, тарихшы, жазушылардың, археологтардың мол мұраларын оқып шықтым. Солардың ішінде Отырардың тарихын өте көркем жеткізген Дүкенбай Досжановтың Отырар жайлы жазған мұраларын кезіктірдім. Өз дәуірінде өркениеті өрлеген қалалар шебінде Отырардың болғанына қазіргі таңда құмға айналған Отырардың орны куә. Ал ендеше Түркі өркениетіне ортақ тарихи-әдеби жәдігерлеріміздің алып қаһарманы Тоныкөк өз жазбаларында былайша баян етіпті: «Інжу өзенін кеше, Тінесі ұлының мекені – Мәңгікөк тауынан асырып, Темір қақпаға дейін қудық». Мұндағы Інжу – Сырдарияның көне түркіше аты, Темір қақпа – Самарқан, сонда әрісі ғұн тайпалары, берісі Түрік қағанаты, одан кейінгісі, оғыз, сақ, қыпшақ ұлыстары мекен еткен біздің бұрынғы ата тегіміздің кең сахарасы.

Орта ғасырларда өркениетімен күллі ғаламды өзіне қаратқан, ғылым мен мәдениеттің ордасы бола білген Отырар өзінің құпиялы да қызық шежіресі арқылы қаншама ойлы ғалымдарды өзіне интық қыла білді. Сол тілі орамды, ойы жүйрік, зерделі ғалымдар қатарының алғашқы шебінде әйгілі парсы тарихшысы Рашид-ад-Дин одан әрмен орыс зерттеушілері Бартольд, Гумилев, Кляшторный, араб тарихшылары Несеви, Жузжани, Ала аз-дин, Ата-Мәлим мен Мұхаммед Жувайный, Ахмед ал-Катиб, қазақ тарихшыларынан Әлкей Хақанұлы Марғұлан, Кемел Ақышев, Карл Байпақовтар ғылыми зерттеулер жасап, тұшымды пікірлер қалдырып өзінен кейінгі ұрпақтарына темірқазық еңбектерді мұра етті. Парасаты жоғары пайымды оқырман үшін бұл еңбектердің орны ерекше екені хақ.



Мен осы Отырарға деген қызығушылығым туғаннан бері көкейімде сайрап тұрған бір сұрақ бар ол «Отырар неліктен осыншама өркениеті өрлеп, әскери күш-құдіреті де өзін қалайша басқа қалалардан даралады?» Ал енді осы шаһар туралы жазылған еңбектерге үңілсем, Отырар жұртының даму формуласы бар екен. Ол қандай формула десеңіз қала жұртшылығы барлық дүние қызықтарынан білім мен мәдениетті жоғары қоюында екен. Сондықтан да біз Отырарды ең алдымен білім мен мәдениеттің ордасы ретінде қарастыруымыз қажет. Сонда ғана Отырардың құпия тарихы өздігінен ашылады деген сенімдемін. Біз Отырардағы ғылымның бастау бұлағын тапсақ одан кейінгі Отырардың құрылыс, сәулет өнері, әскери ісі өздігінен бізге айшықтала бастайды. Ендеше Александриядан кейінгі екінші кітапхана осы Отырарда болғаны да, төртүл дүниенің тұңғыш ұстазы Аристотельден кейінгі оның рухани шәкірті екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби ат-Түркидің де осы топырақтың перзенті екені де біздің кеуде керіп, марқая мақтанар мақтанышымыз екенін әрбір қазақ ұлтының перзентінің кеудесінде сайрап тұрса ғана, әл-Фараби бабамыз армандаған қайырымды, саналы ұрпақ боларымыз анық.

Дешті Қыпшақ даласының мақтанышы Отырар тек қана сәулет өнерінің ғана биік деңгейге дамуының көрінісі емес Фарабдан көптеген даңқы жер жарған Фарабилердің отаны екенін дәлелдеген қазақтың дара перзенті профессор Әбсәттәр қажы Дербісәлінің ерен еңбегі мол. Әбсәттар қажының ғұмырының көп бөлігі осы Отырар өркениеті және Фарабилерді зерттеуіне арналды. Зерттеулеріне қарасақ Отырардан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздан өзге ғылымның бар саласын меңгерген біз білмеген «Отырарлық 30-дан асатын Фарабилер» бар екенін қажырлы еңбегі дәлелдеп тастағаны Түркі дүниесіне мәлім. Ғалымнан Фарабилер туралы сұрағанымда маған тебірене береген жауабына қарағанда бұл біз сөз етіп отырған Фарабилерді табу оңайға түспегеніне көзім жетті. Әбсәттар аға Фарабилерді дүниенің түкпір-түкпірінде шаң басып жатқан мұрағат құжаттарынан кітапхана қорларынан тауып, еліміздің даңқты перзенттер қатарын толықтырыпты. Ендеше сол, ғылымның бар түрін меңгерген, ғылым темірқазықтарының алғашқы сабында даламыздың даңқты перзенті, әйгілі бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби екіншісі адамзатқа аты мәлім Аббас әл Жаухари әл-Фараби, Әбу Ибрахим Исхак әл-Фараби, Исмаил әл Жаухари әл-Фараби, Әламаддин әл Жаухари әл-Фараби, міне осылай жалғаса береді.

Міне жоғарыда келтірген ғалымдар ғылымның бар саласын меңгергендігіне көне архиф дәлел. Ендеше бір сәт ойланыңыз, осыншама энциклопедист ғұламалардың барлығы бөтен емес өз даламызда туылып, ғаламға білім нәрін себелеген бұл ғұламаларды біз әлемдік деңгейде жарнамалауымыз қажет. Сонда әлем ғылымының күретамыры біздің даламызда жатқандығын ғалам таниды.

Ал енді Отырар туралы кейбір халық шежіре аңыздарында не дейді соған тоқталалық. Отырардан шығатын жер асты құпия жолы болған деседі. Негізінен бірен саран шаһарларда ғана жер асты құпия жолы болған, ал Отырар сол қалалар қатарында екені хақ. Келесі бір халық шежіресінде былай дейді «Ұлы ғұлама әл-Фарабидің айтулы кітапханасы аман қалды» десе, Көне шежіреші Рузвахан «Отырар кітапханасы өртеніп кетті» деп жазба қалдырады. Қайтсе де осыншама ойшылдар отаны Отырардың бай кітап қоры сақталған кітапханасы болмауы меніңше мүмкін емес.

Қорыта келе тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Отырар тарихы қазақ тарихын ғаламдық деңгейге көтерер әулиелі тарих». Қадари халім жеткенінше ойшылдар отаны Отырарды белгілі деңгейде жазуға барынша тырыстым. Отырар қаласы кең тынысты, мол ырысты даламыздың көне тарихының бастау мөлдір бұлағы.

**Қанат АЛТЫНБЕКОВ,**
*тарих, археология және этнология факультетінің студенті*

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

**Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Білім беруді цифрландыру жағдайында әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» атты профессор-оқытушылар құрамының 50-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұйымдастыруымен «Шетелдік студенттерді тілге оқытуда жаңа технологияларды қолдану» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.**

Дөңгелек үстелді өткізудегі мақсат білім беруді сандық жүйеге көшіру жағдайында университет оқытушыларының құзыреттіліктерін жетілдіру, сонымен бірге оқытушылардың педагогикалық қызметінің үйлесімділігін нығайтудың механизмдері, білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық технологиялар бойынша тәжірибе алмасу және ұсыныстар жасау.

Оқытушы шетелдік студенттерге тіл үйретіп, білім беру үшін алдымен оқу үдерісінің дұрыс жүргізілуін жетік меңгеруі тиіс. Педагогикалық қабілеттілік пен ұстаздық өрелік, кәсібилік жоғары дәрежеде дамитын орта - кафедра. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ғылыми-әдістемелік базасы дамып, қасиетті қара шаңырақ аясында көптеген жас мамандарының топшысын қатайтып, қияға самғатып келе жатқанына да биыл 35 жылдың жүзі болыпты.

Бұл кафедра шетелдік жастарды тәрбиелеуде өте жоғары маңызға ие. Шетелдік азаматтарды қалай оқыту керек, студент бойына қандай қасиеттерді сіңіріп, нені үйретуді басты назарға ұстаған жөн деген сияқты тәрбие сауалдарына жауап беретін бірден бір орта. Ұзақ жылдар бойы кафедрада педагогика саласында білікті мамандар даярлап, республикалық, әлемдік деңгейде ғалымдар қалыптастырды.

Дөңгелек үстел барысында шетелдік студенттердің тілдік дайындықтарын оңтайландыру, шетелдік тыңдаушылардың сөйлеуін дамытудағы икемділік пен дағдыларын жетілдіру жолдары және қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде оқытудағы халықаралық аудиториядағы халықаралық коммуникация, шетелдік аудиторияда тыңдалымға оқыту, оқылымға оқыту технологиясы, халықаралық мәдениет парадигмасындағы коммуникацияның рөлі жайлы мәселелер талқыланды.

Барлық дөңгелек үстелге қатысушылар рет-ретімен түрлі тақырыптарда өз баяндамаларын оқыды, әртүрлі тың тақырыптар тыңдалды. Баяндамашылар баяндама барысында туындаған сұрақтарға жауап беріп, қызу талқылауға қатысты.

**А. САДЕНОВА,**
*Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі*

**26 ақпанда журналистика факультетінде білікті ұстаз, профессор Ә. Ыдрысовтың 90 жылдығына орай ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді**




# АЛЬ-ФАРАБИ И ОБРАЗОВАНИЕ

**В КазНУ им. аль-Фараби прошла международная научно-методическая конференция «Современная интерпретация педагогической концепции Аль-Фараби в условиях цифровизации образования».**

В рамках конференции состоялось заседание секции «Аль-Фараби и образование. Новые формы взаимодействия среднего и высшего образования в подготовке кадров». Основные педагогические идеи великого мыслителя древнего Востока Аль-Фараби были озвучены в докладах ученых кафедры педагогики и образовательного менеджмента: Ш.Т. Таубаевой «Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамалары және заманауи жастар», Н.С.Әлқожаевой «Әбу Насыр әл-Фарабидің ұрпақ тәрбиесі туралы ойларының қолданысы».

Опыт использования идей аль-Фараби в современных условиях осветили в своих выступлениях д.п.н., профессор А.К. Мынбаева «Наследие аль-Фараби в преподавании педагогических дисциплин», д.п.н., профессор А.С. Магауова «Инновационные технологии в системе высшего профессионального образования».

Вклад великого ученого в развитии философской мысли отметили в своих выступлениях к.ф.н., доцентов кафедры философии Л.А. Аскар «Әл-Фарабидің логикалық трактаттары негізінде ойлау мәдениетінің жетілдірудің заманауи тетіктері», С.Ж.Едильбаевой «Философия образования аль-Фараби».

В ходе дискуссии был сделан акцент на вкладе великого ученого, мыслителя, философа Востока аль-Фараби в разработку концепции всестороннего развития гармоничной личности, актуализации проблем умственного, нравственного, эстетического и физического воспитания молодежи, проблемы организации педагогического труда. Особую значимость имеет его учение о добродетельном обществе, разработанное в социально-этических трактатах.

Идеи великого мыслителя, философа аль-Фараби о добродетельном обществе, которое опирается на универсальные духовные ценности добродетели (ответственность, гуманность, толерантность, открытость, умение жить рационально) с акцентом на достижение реальных целей, образовании, здоровом образе жизни и профессиональном успехе легли в основу инновационной модели «Университет-4.0». Она была представлена в штаб-квартире ООН в Нью-Йорке, затем в Организации исламского сотрудничества.

Сегодня в нашем университете успешно реализуется проект «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов». Он содержит ряд концептуальных идей. В частности, о том, что глобальная миссия современных университетов заключается в воспитании граждан мира. Современные университеты должны стать ядром для формирования не только компетентных специалистов, но и будущих жителей «добродетельного общества», призваны стать особыми интеллектуальными городами, обеспечивающих производство духовных ценностей нации. Наряду с передачей знаний, высшие учебные заведения должны воспитывать в будущих гражданах высокую духовность и новые ценностно-смысловые установки. Новая модель университета 4.0, реализуемая в КазНУ им. аль-Фараби, ориентирована на то, что миссия университета нового поколения должна заключаться не только в обучении, но и внедрении в сознание молодежи идей мира, добра и справедливости, активной гражданской позиции.

Таким образом, наследие великого мыслителя Востока аль-Фараби несомненно актуально для современного развития системы образования, разработки концептуальных основ духовно-нравственного воспитания казахстанской молодежи. Ведь именно на университеты возлагается большая миссия по формированию нового поколения специалистов-граждан страны и мира с глобальным мышлением, высоким уровнем духовности и нравственности, подготовленных нести ответственность за будущее казахстанского общества и всего человечества.

Участники конференции единодушны во мнении, что требуется переосмысление наследия великого ученого в развитии мировой цивилизации, истории философской и педагогической мысли, поисков путей идеальной модели государства, способов сохранения и достижения счастья, добродетели, справедливости, путей совершенствования человека и общества.

**А. МАГАУОВА,**
*д.п.н., академик МАНПО, профессор кафедрыпедагогики и образовательного менеджмента*

**Бүгінде тәуелсіз еліміздің әлемдегі экономикасы мықты, әлеуетті елдердің қатарына қосылуы үшін өзге факторлармен қатар білімді, білікті жас мамандардың болуы да ауадай қажет.**

# ҒЫЛЫМҒА БАУЛУ

Осы тұрғыдан келгенде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінде де жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, ғылыми ізденістерге тартуда елеулі жұмыстар атқарылуда.

Мұндағы мақсат – жаратылыстану және дәл ғылымдарға қызығушылық танытқан талантты, дарынды балаларды іздеп тауып, ғылымға баулу. Осындай бейімі бар қабілетті оқушылар ғылыми жоба жұмыстарына қатыстырылады. Мектеп оқушыларының кафедрада осындай тәлім-тәрбиеден өтуі жемісін беруде. Мұндай оқушылар университетіміздің ең үздік оқитын студенттер санын көбейтуде.

Осы бағытта жасалған ғылыми жұмыстар биыл да өз жемісін берді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы жыл сайын өткізетін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы биылғы жылы 11-14 ақпан аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтті.

Конкурста кафедра аға оқытушысы Р. Рахметуллаева жетекшілік еткен 90 лицейдің №10-сынып оқушысы Бактияр Иманбаев «Медицинаға арналған полимерлі композициялық материалды алу» тақырыбына жасалған жұмысы екінші дәрежелі дипломмен марапатталса, №44 мектеп-гимназияның 11 сынып оқушылары Виктор Рыбальченко мен Диананың Степанова «Крахмал негізіндегі биоыдырайтын үлдірлердің синтезі және физика-химиялық қасиеттері» жобасы үшінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Осылайша балалар оқушыларды ғылымға мектеп қабырғасынан баулу сапасының кафедрада жоғары деңгейде жүргізілгенін тағы да бір дәлелдеп кетті.

**Перизат ҮРКІМБАЕВА**

# ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ЭКСКУРСИЯ

**Студенты 3-го курса юридического факультета КазНУ им.аль-Фараби специальностей «Правоохранительная деятельность» и «Юриспруденция» побывали в исправительно-трудовой колонии строгого режима, что способствовало более глубокому пониманию специфики выбранной профессии.**



Аббревиатурой «ЛА 155/8» на профессиональном языке обозначают учреждение максимальной безопасности, а по-старому – строгого режима. Руководство следственного изолятора профессионально организовало визит студентов, был проведен подробный инструктаж о порядке посещения учреждения и мерах безопасности для посетителей. Студентам объяснили, что здесь сидят убийцы, порой серийные, насильники и педофилы, рецидивисты, а также осужденные за разбой, кражи и распространение наркотиков.

Прежде чем мы переступили порог колонии, нас так же, как и всех посетителей, проверили на отсутствие незаконных предметов, а также проверили наши документы.

Сотрудники колонии провели экскурсию по территории исправительного учреждения. Показали студентам, как живут заключенные в бараках. Мы увидели, что в комнатах чисто имеются двухъярусные кровати, есть комната, где можно выпить чай, зал для просмотра ТВ и досуга. На территории колонии работают библиотека, медпункт, клуб художественной самодеятельности и даже магазин, который открыт только в определенные дни. В клубе проводятся массовые развлекательные мероприятия, концерты, например, тот же День открытых дверей для родственников и детей осужденных. В свободное время заключенные гуляют по периметру, играют в футбол или нарды, читают газеты и книги, смотрят телевизор.

Студентам разъяснили правила посещения осужденных их родными, что для них имеются краткосрочные и долгосрочные свидания. Долгосрочное свидание проходит без постоянного надзора, в предусмотренных для этого помещениях на территории тюрьмы, где посетитель и заключенный имеют возможность общаться, принимать пищу, мыться и спать. Краткосрочное свидание подразумевает короткий промежуток времени, под пристальным вниманием надзирающего.

Мероприятие было организовано в рамках реализации Меморандума о сотрудничестве между Министерством внутренних дел Республики Казахстан и КазНУ имени аль-Фараби.

Посещение исправительного учреждения дало студентам не только заряд эмоций и впечатлений, но и большой опыт для дальнейшего осознания специфики выбранной профессии.

**А. ШАРИПОВА,**
*к.ю.н., доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №236

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.